

**Кулумжанов Нұржан Еркінұлының**  
**«6D020400- Мәдениеттану» мамандығы**  
**бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған**  
**«Түркі көшпенділерінің дәстүрлі мәдениетіндегі сакралдылық феномені»**  
**жазылған диссертациясына**

**АҢДАТПА**

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы**

Түркі номадтардың мәдениетіндегі сакралдық феноменін зерттеу мәдениет кеңістігіндегі күрделі тақырыптардың біріне жатады. Адам рухани жан болғандықтан, сакралдық категориясыз тұра алмайды. Көп уақыт бойы тек діни феномен ретінде қарастырылған сакралдық ұғымы қазіргі жағдайда әртүрлі философиялық, мәдениеттанушылық, әлеуметтанушылық, антропологиялық түсіндірмелермен толықтырылуда, олар әдеуметтік-мәдени, экзистенциалдық-феноменологиялық аспектілерді қамтитын интегралдық контекстінде анықтауды қажет етеді. Мәдениет, ғылым мен дін саласында болып жатқан жаңа үрдістер «сакралдық» ұғымының киелі саласын кеңейтіп, түрлендіреді. Ғылыми акценттерді алмастыру дәстүрлі діни және рухани институттардың, рухани және зайырлы өмірде ауқымды өзгерістерге жетелейтін трансформациялаудың дағдарысын байқауға мүмкіндік береді.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі**

Сакралдық рухани феномен ретінде адамзат мәдениетінде маңызды құбылыс болып табылады. Түркі номадтардың мәдениетіндегі сакралдық тақырыбына мәдениеттану кеңістігінде назар аудару осы терминді талдауда жаңа ұстаным болып келеді.

Түркі номадтардың дәстүрлі мәдениетіндегі сакралдықты зерттеу оның терең жататын қабаттарын ашуға бағытталған.

Номадтардың мәдениетіндегі сакралдықты зерттеу күрделі және аз зерттелген тақырыптардың біріне жатады. Осы тақырыпқа байланысты зерттеулерді шолып шықсақ, байқайтынымыз, көптеген мәдениеттанушылардың еңбектері сакралдықтың «сөнугіне», «жоғалуына» арналған, бұл кезде құндылықтардың «күнсыздануы» («девальвациясы») енді сакралдықсыз басқа нысанға ие болуда. Сондықтан түркі номадтардың мәдениетіндегі сакралдықтың аса маңызды мәселелерін қарастырудың және мифтер, дін, мәдени ұстанымдарды талдау арқылы сакралдық феноменін сыни тұрғыдан философиялық-мәдениеттанушылық түсінудің өзектілігі одан әрі жоғарылайды.

Сакралдық барлық киелі мен күнделікті арасындағы дихотомия бар жерде, құндылықтар иерархиясы принципі орын алатын жағдайда пайда болады; ол кез келген мәдени-әлеуметтік, адамдар арасындағы қатынастардың бөлінбес бөлігі болып келеді. Бұл бөлік тіпті күнделікті қатынастар деңгейінде де орын алады, өйткені индивидтердің өзара байланысы мен іс-әрекеттері белгілі бір табу-тыйым

ұстануды талап етеді, ал олардың орындалуы көбінесе рационалдық емес, иррационалдық себептерден іске асады. Сондықтан неліктен сакралдық әртүрлі пәндерде – философия, мәдениеттану, әлеуметтану, дінтану, теология мен психологияда – әмбебап түрде қолданылатыны түсінікті. Қазіргі әлем десакрализация (қасиетсіздендіру) жолын өтіп, сакралдық тақырыбына көңіл аудару арқылы дәстүрлі құндылықтар мен тұрақты дүниетанымдық негіздерді қайтадан қалпына келтіруге тырысады.

Сакралдықты арнайы қарастыру қазіргі уақытта болып жатқан үрдістерге басқаша қарауға, сакралдықтың жалпы түркі көшпенділер мен қазақтардың мәдениетіндегі мәдениеттанушылық және дүниетанымдық нысандарының іске асыруын анықтау мен талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерін жүйелі түрде қорытындылауға тырысуымыздың **өзектілігі** сакралдық ұғымы шеңберінде туындайтын көптеген сұрақтардың дискуссиялық сипатының сақталуымен анықталады.

Мұндай мәселелердің бір бөлігі бар мәліметтердің, оның ішінде ғылыми айналымға енген немесе ішінара жарияланған жаңа деректердің көлемін пайдалану арқылы шешіле алады.

### **Мәселенің зерттелу деңгейі**

XX ғасырдың басынан бастап «сакралдық» ұғымы философиялық-мәдениеттанушылық, әлеуметтанушылық және дінтанушылық әдебиетте басым түседі. Алғашқы рет сакралдық феноменін зерттеген ғалымдардың ішінде теолог Р. Отто. Сакралдық феноменінің әлеуметтік сипатына ғалымдар Э. Дюркгейм, М. Вебер, П. Бергер, Г. Зиммель, Т. Лукман және т.б. назар аударған, олар қоғамның өзін сакралдық көзі деп қарастырған. Сакралдық феноменінің ерекше адами табиғатын антрополог М. Шелер байқаған. Зерттеушілер Б. Малиновский, Д. Фрезер, В. Тэрнер, Э. Тайлор өз еңбектерінде сакралдықтың табиғи және әлеуметтік-мәдени факторларына көп көңіл бөлген. Дінтанушы және философ М. Элиаде сакралдық феноменін діннің шеңберінен шығатын құбылыс деп талдаған. Философ У. Джемс сакралдықты бейсаналық саласымен байланыстырған. Мәдениеттанушы және философ Р. Барт сакралдық көбінесе идеология құралы ретінде, саяси мифологизация сияқты пайдаланады деп санаған.

Зерттеушілер М. Бланшо мен Ж. Бодрийяр сакралдықтың күнделікті табиғатына көңіл бөлген, оны ғылыми ізденістер үшін маңызды аргумент деп есептеген. Ғалымдар Р.Генон, Ю. Эвола, Т. Буркхардттың еңбектерінен сакралдықты зерттеуде діни-эзотерикалық ұстаным байқалады. Сакралдық тәжірибесін зерттеуде екі дәстүр белгілі: ішкі – адамның өзінің немесе басқалардың ұайымын талдауы арқылы (Р. Отто, М. Хайдеггер, М. Элиаде); сыртқы – адамдардың жүріс-тәртібін объективті байқау арқылы (М. Вебер, М. Годелье, М. Дуглас, Ю. Лотман).

Қазақстан ғылымында көшпенділер мәдениетіндегі сакралдықты зерттеуге арналған арнайы зерттеу әзірше жоқ деуге болады. Сонымен қатар, көшпенділер

мәдениетін түсінуге бағытталған, сакралдықтың маңызды аспектілерін біршама қарастыратын ғылыми ізденістер де бар. Олар келесі зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан: А. Аманжолов, А. Галиев, А. Досымбаева, А. Касымжанов, А. Кодар, А. Маргулан, А. Медоев, А. Муханбетова, А. Сабитказы, А. Сейдимбек, А. Толеубаев, А. Хасанов, Б. Кумёков, Г. Есим, Д. Кенжетай, Д. Кшибеков, Ж. Абдильдин, Ж. Артыкбаев, Ж. Молдабеков, Е. Турсунов, З. Наурзбаева, З. Самашев, К. Акишев, К. Алтынбеков, К. Байпаков, К. Жанабаев, К. Нурланова, К. Саргарулы, К. Сарткожаулы, М.М. Ауезов, М. Карагузова, М. Муканов, М.О. Ауезов, М. Орынбеков, М. Сабит, М. Сенбин, Н. Амрекулов, Н. Масанов, Н. Сарсенбаева, Н. Шаханова, О. Измагулов, О. Сулейменов, Р. Мустафина, С. Ажигали, С. Булекбаев, С. Кондыбай, С. Нурмуратов, С. Толыбеков, Т. Габитов, У. Жанибеков, Х. Абишев, Х. Аргынбаев, Ш. Валиханов, Ш. Тохтабаева.

Жоғарыда көрсетілген мәселе өзекті, аз зерттелген, ангажирленген. Түркі көшпенділер мен қазақтардың дәстүрлі мәдениетіндегі сакралдық феноменінің мәнін түсіну контекстінде байқалатыны – оған мәдени-философиялық генезистің тән екендігі, сол үрдісте ол дін, ғылым мен мәдениетте ауқымды түрлендіру, трансформациялануға ұшырайды.

**Зерттеу мақсаты** – түркі номадтардың дәстүрлі мәдениетіндегі сакралдық феноменін талдау.

**Зерттеу міндеттері:**

1) мәдениеттанудың әмбебап ұғымы ретіндегі сакралдық феноменінің құрылымдық-мазмұндық сипатын айқындау;

2) сакралдықты рухани кеңістіктің ерекше типі ретінде сипаттау;

3) салт-дәстүрлерді сакралдықты берудің спецификалық әдістері ретінде зерттеу (түркі номадтар мен көшпенді қазақтардың рухани көздерін анықтау мақсатымен);

4) «отукен», «құт», «үңгір», «киелі жер», «киіз үй», «жол», «ағаш» ұғымдарын философиялық-мәдениеттанушылық талдау арқылы сакралдықтың көрініс табу нысандарын дәлелдеу;

5) сакралдық феноменінің этномәдени ерекшелігін аруақтарға табынуды зерттеу арқылы анықтау;

6) сакралдықтың пайда болу ерекшелігін тастағы балбал мен дын мысалдары арқылы ашып көрсету;

7) сакралдық феноменінің маңыздылығын қазақтардың рухани және материалдық мәдени мұрасы арқылы талдау;

8) сакралдықтың қазақ мәдениетінің анималистикалық кодтарында көрініс табуының ерекшелігін анықтау;

9) «атадан балаға» концепсиясындағы сакралдықтың рухани құндылық ретінде ерекшеліктерін көрсету;

**Зерттеу объектісі:** түркі номадтардың дәстүрлі мәдениеті.

**Зерттеу пәні:** түркі номадтар мен қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің сакралдық кеңістігі.

**Зерттеу гипотезасы:** сакралдық феноменін зерттеу түркі номадтар мен қазақтардың философиялық-мәдени кодын тереңірек ашуға ықпал етеді. Анималистикалық символдардағы сакралдық феноменін құрылымдық-мазмұндық талдау көшпенділердің бірегей әлем картинасын айқындауға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің хронологиялық сипаты** жұмыстың мақсаты мен міндеттерімен анықталады. Тарихи-мәдени ортақтықты қарастыру контекстіндегі зерттеу біздің дәуірдегі V ғасырдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі мерзімді қамтиды.

**Зерттеудің теоретикалық-әдістемелік негізі.**

Түркі номадтар мен қазақтардың мәдениетіндегі сакралдық феноменін мәдениеттанушылық жағынан талдаудың әдіснамалық құралдар қатарына диалектикалық, философиялық-мәдениеттанушылық, жүйелі-құрылымдық және жүйелі-функционалдық әдістер; герменевтикалық және мәдени-семиотикалық әдістер, мәдени-антропологиялық және феноменологиялық әдістер, тезаурустық әдіс, көшпенділікті қозғалыс жағдайында біртұтас қабылдау әдісі (М.М.Әуезов және т.б.), Е.Д.Тұрсыновпен құрастырылған кешенді-концентрикалық тәсіл кіреді.

Зерттеу барысында докторантпен далалық зерттеулер жүргізілген: профессор Питер Финкенің (Швейцария) ғылыми-зерттеу тобы құрамында Ресей аумағында (Алтай, Бийск, Горно-Алтайск, Қосағаш), Монголия жерінде (Баян-Үлгей, Қобда, Ұлан-Батор) салт, дәстүр мен жораларды жинау, сипаттау, жүйелеу мен талдау жұмысына белсенді қатысқан.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** сакралдық феноменін түркі номадтар мен қазақтардың дүниетанымында және дәстүрлі мәдениетінде көрінісін табатын философиялық-мәдениеттанушылық ұғым ретінде анықтауға байланысты:

- «сакралдық» ұғымының негізгі мазмұны мен генезисі ашылған; сакралдық түркі номадтар мен қазақтардың мәдениетінде жоғары сипаттағы мән мен құндылықтардың квинтэссенциясы деп көрсетілген;

- түркі номадтар мен қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің сакралдық кеңістігіндегі ерекше құбылыс болатын «сакралдық» ұғымының авторлық интерпретациясы берілген, бұрын бұл ұғым көбінесе иррационалды салада қарастырылатын;

- сакралдықтың түркі номадтар мен қазақтардың мифтері, салттары, дәстүрлері мен жоралары сияқты әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық нысандарда берілу ерекшелігі анықталған;

- салт-жора, нормалар, табу мысалдары арқылы түркі номадтардың мәдениетінде және заманауи мәдениетте сакралдықтың мәнін түсінуге мүмкіндік беретін философиялық-мәдениеттанушылық кеңістіктер ашылған;

- түркі номадтар мен қазіргі қазақтардың аруақтарға табыну мысалы арқылы ұлттық-мәдени ерекшелігі көрінетін сакралдықтың авторлық интерпретациясы берілген;

- сынтас пен дын мысалдары арқылы тастағы сакралдықтың мазмұны анықталып, дәлелденген;

- философиялық-мәдениеттанушылық контекстінде қазақтардың рухани және материалдық мәдени кодының ерекше концепті ретінде сакралдықтың қызметі айқындалған;

- анималистикалық кодтың моделін беретін және ежелгі символ-архетип ретінде көшпенділердің бірегей әлем картинасын айқындайтын «адам – табиғат» мәдени-философиялық концепті жасалған;

- алғашқы рет сакралдық феноменінің мазмұны «атадан балаға» концепциясын талдау арқылы ашылған.

### **Қорғауға ұсынылған қағидалар:**

1. Сакралдық иррационалдық сфера ретінде түркі номадтар мен қазақтар мәдениетінің рухани құндылықтарының негізгі параметрлерін анықтайды, практикалық қолданысқа бағытталған нормалар, идеалдар мен тәртіпті нақты көрсетеді.

2. Сакралдық түркі номадтар мәдениетінің феномені ретінде адами болмыстың рухани негіздерін ашып көрсетеді. Сакралдық мәселесін мәдени кеңістіктің ерекше типі ретінде ашу оның әртүрлі кеңістік әлемдердегі қызметін талдауды талап етеді. Адам мәдени кеңістіктің әлеуметтік-рухани бөлігі ретінде сакралдықсыз өмір сүре алмайды.

3. Сакралдықтың құндылықты-нормативтік негізін түркі номадтардың рухани болмысының матрицалары құрайды. Өмірлік ұстанымдарының рухани бағыты және реттеушісі болатын құндылықтар дүниесін адам жасайды. Сакралдық феномені адам болмысы, оның тағдыры сакралдыққа кездесуден тәуелді екеніне аса көңіл бөледі.

4. Сакралдық феномен ретінде қазіргі десакрализация үрдісінің нәтижесінде жоғалмайды, тек әлеуметтік болмыста орын алады және рухани кеңістіктің күтпеген саласында көрінісін табады. Қазіргі қоғам жағдайында сакралдықты көру ерекшелігі оның профандықпен тығыз өзара қатынаста болуына байланысты. Бірақ сакралдықтың терең жатқан құрылымдары өзгеріссіз қалады. Осы терең жатқан құрылымдарға адамның рухани өмірінің алғашқы кезеңдерінде пайда болған және оның сана-сезімінде тұрақты түрде қалыптасқан сакралдықты жатқызамыз.

5. Ата-бабаларымызға, аруақтарға табынудың генезисі, ерекшелігі мен типологиясын оның өмірдің сакралдық-ритуалдық құрылымдармен – мифпен, эпоспен, салт-жорамен, дәстүрлермен – байланысы деп тануға болады. Аруақтарға табыну этностың ұлттық кодын қалыптастыратын және түркі мәдениетін ұлттық жандандыруға қажет негізгі құндылықтарға жатады. Бұл жәйт түркі номадтардың, көшпенді қазақтардың, басқа да әлеуметтік-мәдени және

тарихи парадигма бойынша типологиялық жақын халықтардың рухани универсумын түсіну үшін маңызды.

6. Ежелгі түркі тастардағы мүсіндер ата-бабаларымызға қойылған сакралдық ескерткіш деп танылады. Сакралдық символдар болатын сынтастар мен дындар аруақтарға ерекше табынудың куәгерлері мен дәлелі болып келеді. Тастағы сынтастар мен дындарды орнату өлген адамның кеңістіктегі қозғалысын, бір кеңістіктен екінші кеңістікке көшуін айқындайды.

7. Түркі номадтардың музыкалық шығармашылығы, орнаменталдық өнері ұлттық мәдениеттің семиотикалық парадигмалары болып табылады. «Рухани катарсис» – тазару, жаңару, рухтылық пайда болатын музыка кеңістігіндегі сакралдықтың орын алуын біз сакралдық әрекет пен шығармашылық деп санаймыз. Символдардың сакралдық тілі болатын оюлар «Ұлы тау», «Әлем ағашы», «Қара шаңырақ» сияқты философиялық-мәдениеттанушылық концептілерді терең меңгеріп түсінуге әсер етеді.

8. Қазақ мәдениетінің анималистикалық кодын терең талдау әлемнің көшпенді картинасының дүниетанымдық визуалдық-образдық жүйесін ашуға, көшпенді өмір сүрудің менталды табиғатын терең қабылдауға ықпалын тигізеді, сакралдықтың маңызды құрамаларының реконструкциясы, сақталуы мен сабақтастықпен берілуінің арнайы әдістерін қалыптастыруды іске асырады. Анималистикалық кеңістік қазақтардың мәдени парадигмасының бөлігі болып саналады, ал «адам – табиғат» атты мәдени-философиялық сакралды концепт көшпенділердің бірегей әлем картинасын айқындайтын анималистикалық кодтың моделін бейнелейді.

9. Сакралдық «атадан балаға» концепциясы мәдени құндылық ретінде қазақтардың рухани өмірінің квинтэссенциясы болып қалыптасады. Дәстүрлі құндылықтарды сақтау, жаңа өмір бағыттарын анықтау, ұлттық өзін-өзі сәйкестендіруді қалыптастыру, жаһандық әлемнің жаңа ахуал өзгерістеріне жауап іздеп табу – бұл ата-бабаларымыздың атадан балаға деген қасиетті аманаты.

### **Зерттеудің теоретикалық және практикалық маңызы**

Диссертациялық зерттеудің материалдары философия, мәдени антропология, дінтану және басқа әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді өту барысында сакралдық феноменін меңгеру үшін пайдалануға болады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін философия, мәдениеттану, мәдени антропология, әлеуметтану, мәдениет әлеуметтануы мен дінтану пәндері бойынша арнайы курстар, дәрістер құрастыруда қолданысын табуы мүмкін.

### **Зерттеу нәтижелерін апробациялау**

Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қағидалары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің философия және саясаттану факультетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының ғылыми-әдістемелік семинар отырысында талқыланған.

Зерттеудің негізгі қағидалары мен нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар материалдарында, ғылыми журналдарда жарияланған, оның ішінде:

- 11 жарияланым – халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар материалдары бойынша құрастырылған ғылыми еңбектер жинағында;

- 3 мақала – ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында бақылауды қамтамасыз ету комитеті жариялауға ұсынған журналдарда;

- 2 жарияланым – «Scopus» ғылыми-метрикалық базаға кіретін, нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда шыққан.

Зерттеу нәтижелері қазақ мәдениетінің мәселелері бойынша онлайн-курстар барысында да апробациядан өткен.

### **Диссертацияның құрылымы**

Ғылыми жұмыс кіріспе, он бір параграфтан тұратын үш тарау, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер мен қосымшалардан тұрады.

Бірінші тарауда «сакралдық» феноменін методологиялық зерттеудің философиялық-мәдениеттанушылық дискурсының ерекшелігі ашылған.

Екінші тарауда түркі номадтардың дәстүрлі мәдениетіндегі сакралдықтың сферасы қаралған.

Үшінші тарауда қазақтардың рухани және материалдық мәдениетіндегі сакралдық ұғымының ерекшелігі анықталған.

Диссертацияның жалпы көлемі – 207 бет.

Библиография отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарын қамтитын 392 көзден тұрады.